Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 5 «Ә» сыныбының
2023-2024 оқу жылы бойынша жылдық талдауы

2023-2024 оқу жылы 5 «Ә» сыныбы 20 оқушымен оқу жылын бастады. Сыныпта 11 ұл, 9 қыз бар. Сынып оқушыларының көпшілігі көпбалалы отбасынан шыққан. Аз қамтылған оқушы саны 4 – еу, көпбалалы 9, сәтсіз отбасы – 1 еу. Балалардың барлығы өз ата – анасымен бірге тұрады. Оқу жылының басында барлық оқушылардың үйлерін аралау барысында оқушылардың өз баспаналарында ата – аналарымен бірге тұратындығы және сабақ оқитын арнайы орны, үстелдері бар екендігіне көз жеткізілді. Балалардың барлық әлеуметтік жағдайлары анықталып, арнайы әлеуметтік жағдайлары туралы акт толтырылды. Сыныпта аз қамтылған оқушылардың ішінде, табыс көзінің аздығына байланысты ыстық тамақпен 4 оқушы қамтылып отыр. Олар Медетұлы Жан, Нұрболатұлы Ерсағын, Орысбаева Жансая, Сұлтанбаев Шыңғыс.

Сынып оқушылары бос уақыттарын тиімді өткізу мақсатында спорт және шығармашылық орталықтары мен музыка мектебіне, суда жүзу , т.б. үйірмелерге қатысады. Олардың ішінде 4 оқушы домбыра, 3 оқушы қобыз, 6 оқушы мектеп жанынан құрылған әсем саз хор үйірмесіне, 5 оқушы дзюдо, 3 оқушы еркін күрес, 1 оқушы бокс, 3 оқушы қолөнер үйірмелеріне қатысады.

Сыныпта оқушылар бір-бірімен тығыз байланыс орната алады. Ұл балалардың арасында достық қарым- қатынастары қалыптасқан, қыз балалар бір -бірімен биязы мінездерімен тіл табыса алады.

Сынып оқушылары түрлі бағыттағы байқаулар мен олимпиада, түрлі спорт, өнер байқауларына қатысып жүлделі орындар иегерлері атанды.

Мектепішілік есепте 1 оқушы бар. Ол оқушымен ашық әңгіме жүргізу жұмыстарымен , мектеп психологының ықтималдық құру барысынддағы түрлі іс шараларға қатысады.

2023-2024 оқу жылында мектеп жанынан құрылған «Ата – аналар мектебі» жобасы аясында мектеп жоспарына сәйкес мектепішілік 5 -сынып ата- аналары арасында ұйымдастырылған «Әкем, анам және мен » спорттық сайысы ұйымдастырылған болатын. Спорттық сайысқа 5 «ә» сыныбының намысын қорғап сыныбымыздың белсенді ата- аналарымыздың бірі Жаңбырбай Әмірдің ата-аналары Нәбиев Жеңіс пен Бақытжанқызы Гүлдана қатысып 1 жүлделі орынға ие болды. Жеңіс тұғырынан көрінген ата-аналарымызды мектептің арнайы алғыс хаттары мен марапаттап, мектептің парақшасына өз мәнінде жарияланды.

2023-2024 оқу жылында мектеп жанынан құрылған «Ата – аналар мектебі» жобасы аясында мектеп жоспарына сәйкес мектепішілік 1-11 -сынып ата-аналары арасында ұйымдастырылған «Ұлттық ойындар» спорттық сайысы ұйымдастырылған болатын. Спорттық сайысқа 5 «ә» сыныбының намысын қорғап сыныбымыздың белсенді ата- аналарымыздың бірі Сұлтанбаев Шыңғыстың ата-аналары Жолдасбаев Қанат пен Жаймағамбетова Сұлушаш қатысып әкелер арасында өткен қол күресінен жүлделі ІІІ орынға ие болды. Ал аналар арасында өткен Алтын сақа және қол күрес сайысы бойынша алғыс

хаттармен марапатталды. Жеңіс тұғырынан көрінген ата-аналарымызды мектептің арнайы алғыс хаттары мен марапаттап, мектептің парақшасына өз мәнінде жарияланды.

Балалардың көпшілігінің балалалық , шынайылық мінездері мен болмыстары толық қалыптаспаған. Балалардың сөздері мен іс әрекеттері арқылы олардың мінез құлықтарының баяу екендігі байқалады.

Оқушылар мектеп жанында ұйымдастырылатын қоғамдық іс-шараларға белсене ат салысады. Сыныптың ата- аналарының қоғамдық әр түрлі шараларға белосенділік танытатындығын байқауға болады. Мектепішілік ата- аналар арасында ұйымдастырылған спорттық спартакиада, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін ұлттық ойындар сайысына да белсене ат салысады.

Жыл қорытындысы бойынша 20 оқушы, 11 ұл және 9 қыз болып тәмамдадық. Оқу сапасы 65 % , ал үлгерім 100 % көрсеткіш көрсетті.

Алдағы уақытта да сынып оқушыларының мінез құлық пен тәрбие бағытындағы жұмыстар, көптеген іс – шаралар, ата –ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастық атмосферасын одан әрі дамытуға ықпал етеді деп сенім білдіремін.

Сынып жетекші У.Жуманова